



Сыр бойы

№164 (21040) 30 қазан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ҚАЗАҚСТАН-ФИНЛЯНДИЯ: СЕРІКТЕСТІКТІ ТЕРЕНДЕТУГЕ ШЫНАЙЫ МҮДДЕЛІ

Мемлекет басшысы Қазақстанға бірінші рет ресми сапармен келген Финляндия Президенті Александр Стуббқа сый-құрмет көрсетті. Жоғары деңгейдегі келіссөздерге дейін Акорда резиденциясында Финляндия Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Протокол тәртібіне сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Стубб бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Екі елдің әнұрандары орындалғаннан кейін президенттер шағын құрамда кездесу өткізді.

— Сіздің сапарыңыз — екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды. Қазақстан мен Финляндия арасында достыққа әрі өзара түсіністікке негізделген ықпалдастық орнаған. Екі елдің ортасында шешімін таппаған мәселе жоқ. Дегенмен инвестиция және сауда салаларында бірқатар мүмкіндік бар. Сіздің бастаманызбен өтіп жатқан бизнес-форумның орны ерекше. Бүгін аталған жиынға қатысамын. Бұл кәсіпкерлеріміздің іскерлік байланыстарды өрістетугіне зор септігін тигізеді деп ойлаймын. Бұдан бөлек, гуманитарлық ынтымақтастыққа айрықша мән береміз. Қазақстандықтар Финляндияны, сіздердің салт-дәстүрлеріңіз бен мәдениеттеріңізді құрметтейді. Көптеген отандасымыз Сіздің елге турист ретінде жиі барады. Сапарыңыз мемлекеттер арасындағы серіктестікті нығайту үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Александр Стубб қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, бұл сапарды асыға күткенін айтты.

— Бұл менің Қазақстанға үшінші мәрте келуім. Алғаш рет 2008 жылы мен Сыртқы істер министрі, ал сіз Сенат спикері лауазымын атқарған кезде

жүздескен едік. Бұл жолы екі бағытқа баса назар аударамыз деп ойлаймын. Бірінші — өзара қарым-қатынас және іскерлік байланыстар. Бүгін Финляндиядан үлкен делегация келді. Оның құрамында 20-дан астам ірі компанияның өкілдері бар. Астана көшелерінен Isku және Nonkarakenne сияқты танымал фин брендтерін көрдім. Бұл бізді қуантады. Келіссөздің екінші бағыты — сыртқы саясат және қауіпсіздік. Біршама мәселе бойынша ұстанымдарымыз ортақ, күрделі халықаралық жағдайлардың шешімін табуға бірлесе ұмытыламыз, — деді Финляндия Президенті.

Бұдан кейін Қазақстан мен Финляндия президенттерінің келіссөзі екі ел делегацияларының қатысуымен одан әрі жалғасты. Президенттің айтуынша, Финляндия Қазақстанның Солтүстік Еуропа мен Еуропа Одағындағы басты сауда серіктесі саналады. Мемлекет басшысы Финляндияның таза энергетика, технология, цифрлық инновация, экологиялық жауапкершілік, басқару, білім беру және адам капиталы бағыттарындағы жоғары стандарттары әлемдік деңгейде мойындалғанын атап өтті. Аталған салалардағы Финляндияның жетістіктері көптеген елге, соның ішінде Қазақстанға да үлгі.

2-бет



«Елімізде жоғары білікті және білімді жастардың саны артып келеді. Олардың көпшілігі уақыт өте келе еліміздің жаңа озық көшбасшыларының қатарын толықтырады. Менің бастамам бойынша құрылған Президенттік жастар кадр резерві — осының айқын дәлелі. Жобаның келесі кезеңінде қоғам сұранысына бағытталған басшыларды іріктеуге ерекше мән береміз. Билікте отырған әрбір адам ең алдымен ұлттық мүддені басшылыққа алуы керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Президенті

ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢ ТҮЙІНДЕЛДІ

Осыған дейінгі ақпараттарда Президенттік жастар кадр резервіне үміткерлерді іріктеудің жаңа, яғни төртінші кезеңі басталғанын айтқан болатынбыз. Еске сала кетейік, іріктеу жұмыстары алғаш рет 2019 жылы бастау алып (алғашқы іріктеуде резервке 300 жас іріктеліп алынды), әр екі жыл сайын өткізіліп келеді. Соңғы іріктеу нәтижесімен резервке тек 50 жас маман алынады. Жыл өткен сайын үміткер жастардың саны артып келеді.

Сондықтан іріктеудің барлық кезеңінен өту оңай шаруа емес. Тек үздіктердің үздігі ғана резервке алынады деген сөз.

Департамент жүргізген ақпараттық және үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде Президенттік жастар кадр резервінің іріктеу кезеңдеріне қатысу үшін Қызылорда облысынан 420 үміткер құжат тапсырды. Алдыңғы іріктеулермен салыстырғанда биыл үміткерлердің саны (100-ден астам) едәуір өскен. Бұл өңір жастарының қызығушылығы артқанын көрсетеді. Жалпы республика бойынша 31 859 үміткер құжат тапсырды.

Өңірден агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша 23, сыртқы саясат және инвестициялар бағыты бойынша 12, инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту

және сауда саясаты бағыты бойынша 43, әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам бағыты бойынша 240, цифрландыру бағыты бойынша 53, экономикалық және қаржылық саясат бағыты бойынша 49 үміткер тіркелді.

Құжат тапсырған үміткерлердің саны бойынша Қызылорда облысы өңірлер арасында төртінші орынға тұрақтады.

Іріктеу кандидаттардың құжаттарын қабылдау, мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау, ситуациялық тапсырмаларды шешу, ассесмент — орталық және қузыреттер бойынша сұхбат, сарапшылық комиссияда әңгімелесу, сондай-ақ резервке үміткерлерді қабылдау секілді алты кезеңді қамтыды.

2-бет

ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІ



PKREZERV.GOV.KZ

ГАЗДАНДЫРУ: ӨҢІРДЕГІ МЕЖЕ — 82 ПАЙЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елді газбен қамтамасыз ету, яғни тауарлық газдың ресурстық базасын кеңейту Үкіметтің және ұлттық газ компаниясының басты міндеті екенін үнемі еске салады. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажеттігін ескерген Президент «Теңіз», «Қашаған», «Қарашығанақ» сияқты мұнай-газ алпауыттары газдың қолжетімді бағада болуын, жаңа газ кеніштерін барлау және игеру үшін инвестиция тартуды ұмытпау керектігін баса айтты.

2-бет

САПА МЕН МЕРЗІМ ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдегі құрылыс жұмыстарының барысы талқыланды және мақсатты жауапты сала жетекшілері қатысты. Аймақ басшысы бірқатар өзекті мәселелерге тоқталып, құрылыс қарқынын арттыруды, жыл соңына дейін жоспарланған әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды сапалы әрі мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Сонымен қатар құрылыс материалдарының сапасына тұрақты бақылау орнату, бюджет қаражатын тиімді және мақсатты жұмсауды, жаңа мектептер мен тұрғын үйлердің сапасына баса назар аударуды міндеттеді.

Өткен жылы құрылыс саласына 128,5 млрд теңге, биыл 170,1 млрд теңге бөлінген. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 8,1 есе артқан. Әлеуметтік ірі жобалардың қатары көбейген. Биыл сол жағалаудағы физика-математика мектеп-интернаты, музыкалық колледж, тарихи-өлкетану музей, шығармашылық-инновациялық орталық, «Келешек мектептері» және «Руханият орталықтары», «Қайсар» футбол клубының 11 мың орындық жаңа стадионы, тағы басқа нысандар құрылысы аяқталып ел игілігіне табысталды.

Жыл соңына дейін сол жағалаудағы спорт кешені, «Достық үйі», Арал ауданы Жалаңаш ауылындағы 150 орындық мектеп, аудандардағы орталық ауруханаларды қайта жаңғырту жұмыстары аяқталмақ. Қазіргі уақытта «Қызылорда арена» кешені, онкологиялық бөлімшесімен бірге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсектік аурухана құрылысы қарқынды жүруде.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2026 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
ГАЗЕТКЕ
ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

«Сыр бойы»
газетіне
жазылу бағасы
жекелер үшін:
6 айға — 5000 теңге



/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЕКІ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі. Күн тәртібінде электр энергетикасы саласын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Облыста энергетикалық инфрақұрылым нысандары жыл сайын жаңғыртылуда. Әртүрлі кернеудегі 10 мың шақырымнан асатын электр желілері, 2 мыңға жуық қосалқы станция бар. Биыл 6 млрд 100 млн теңгеге 280 шақырым электр желісі, 87 қосалқы станция қайта жаңғыртылып, тозу деңгейі 62 пайыздан 60 пайызға төмендеді.

Президент тапсырмасына сәйкес, оңтүстік өңірлерде

электр энергиясының тапшылығын болдырмау, жаңа энергетикалық қуатты іске қосу мақсатында Қызылорда қаласында 240 мегаватт электр энергиясы мен 277 гигакалория жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығының құрылысы аяқталды.

Бүгінде инвестор «Акса Энерджи» түрік компаниясы негізгі, қосалқы қондырғыларды 100 пайыз жеткізген. Станция-

ның бірінші іске қосу кешені дайын.

Аталған жоба өңірді электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп, өндірісті дамытуға серпін бермек. Ал орталық толық қосылғанда өзге өңірлерге электр энергиясын сатуға мүмкіндік туады.

«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы 800 млрд теңгеге қуаттылығы 1100 мегаваттық жаңа бу-газ қондырғыларын салуды жоспарлаған. Оған 280 гектар жер бөлініп, қазіргі таңда техника-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Станция 2029 жылы толығымен іске қосылады.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы:

\$ 535,83 kzt

€ 624,94 kzt

₸ 6,69 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

+21°

+4°

Жұма

+14°

+8°

ҚАЗАҚСТАН-ФИНЛЯНДИЯ: СЕРІКТЕСТІКТІ ТЕРЕҢДЕТУГЕ ШЫНАЙЫ МҮДДЕЛІ

– Сіздің басшылығыңызбен Финляндия Еуропада, сондай-ақ әлемде сындарлы рөл атқарады. Мемлекеттік ұстанымыңыз бен құндылықтарға беріктігіңіз Финляндияны дүние жүзіне үлгілі ел ретінде танытып отыр. Біз мұны жоғары бағалаймыз. Қазақ-стан Финляндиямен достық қарым-қатынасқа баса мән береді. Бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға, ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын дамытуға әзірміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мол мүмкіндік бар. Бұл ретте Үкімет-аралық комиссиясының жұмысы маңызды рөл атқарады.

Президент фин делегациясының құрамында бизнес өкілдерінің болуы Хельсинкидің өзара серіктестікті тереңдетуге шынайы мүдделі екенін көрсетеді деп санайды.

Еліміз Финляндия компанияларымен бірлескен жобалардың жүзеге асырылуына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын. Қасым-Жомарт Тоқаев фин бизнесмендерін Орталық Азияның кең нарығына шығу үшін Қазақстанда шетел инвесторларына жасалатын қолайлы жағдайды пайдалануға шақырды.

Александр Стубб фин компаниялары Қазақстан нарығындағы қызметін кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

– Бүгінгі кездесулерге дайындық барысында делегациядағы кәсіпкерлердің бірі «Қазақстандағы өзгерістің бәрі жедел жүріп



жатқанын түсіну керек. Сондықтан баяу қимылдап, бюрократияға жол беруге болмайды», деді. Бұл – дамудың даңғылына түскен елдеріміз үшін қуанарлық жағдай, – деді Финляндия Президенті.

Сондай-ақ тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Келіссөз қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Стубб Бір-

лескен мәлімдеме қабылдады. Құжатта тараптардың ортақ ұстанымдары мен бүгінгі келіссөз барысында айтылған бастамалары көрініс тапты. Александр Стуббтың елімізге ресми сапары аясында 15 құжатқа қол қойылды.

Президенттер «Қазақстан – Финляндия» бизнес форумына қатысып, Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге ресми сапармен келген Финляндия Президенті Александр Стуббты

қарсы алу зор мәртебе екенін жеткізді.

– Финляндия – халқымыз өте жақсы білетін ел әрі Қазақстанның стратегиялық деңгейдегі аса маңызды серіктесі. Қазақ-фин бизнес форумының табысты өтуіне тілектеспін. Президент Александр Стубба осы өзекті форумды ұйымдастыруға бастама көтергені үшін ризашылығымды білдіремін. Басқосудағы пікірталастар қос мемлекет арасындағы сауда-экономикалық және

инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге тың серпін береді деп сенемін. Финляндиямен серіктестігіміз шынайы достыққа, өзара түсіністікке, сондай-ақ халық-тарымыздың инновация, орнықты даму және өркендеу жолындағы ортақ ұмтылыстарына негізделген, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Финляндия Президентінің Астанаға ресми сапары еларалық қарым-қатынастың жаңа кезеңіне жол ашатынын атап өтті. Фин компанияларына сенімді әрі ұзақмерзімді серіктес болуға ұмтылатынын айтты.

– Бүгінгі кездесу – экономикалық байланыстарымызды нығайту жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Бұл форумда жай ғана келісімдер жасалмайды. Кәсіпкерлер, инженерлер және озық ойлы азаматтар арасында байланыс орнатылып, сенім нығаяды, – деді Мемлекет басшысы.

Финляндия Президенті қазақстандық кәсіпкерлер жұмысының тиімділігін, сондай-ақ екі ел бизнес құрылымдарының арасында өзара сенім бар екенін атап өтті.

– Біз құбылмалы, болашақты болжау қиынға соғатын, күрделі геоэкономикалық әлемде өмір сүріп жатырмыз. Мұндай кезде бизнес шын мәнінде тұрақтылықты қажет етеді. Бүгін Қазақстан мен Финляндия арасында саяси деңгейде келісімдер жасалды. Ал осындай уағдаластықтар тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, өзара түсіністік жөніндегі меморандумдарға қол қойып, құжаттар алмастық, – деді Александр Стубб.

МЕМЛЕКЕТТІК ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІ

Қызылордадағы Мемлекеттік Рәміздер аллеясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Ұлттық мереке – Республика күніне және Қазақстанның Егемендік туралы декларациясының 35 жыл толуына орай Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті.

Елдік рухты асқақтатып, ұлттық бірегейлікті, тәуелсіздік құндылықтарын және ұлттың мәңгілік мұратын айшықтайтын бұл рәсімге құқық қорғау органдарының, басқарма, департамент басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен күштік құрылым мамандары қатысты.

Мемлекеттік Ту көтеру сәтінде әскери хор Мемлекеттік Гимнді орындады.

Мерекелік салтанатты шара «Чемпионмен бірге жүгір» марафонына ұласты.



Суреттерді түсірген Бағдат Есманов

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ: ЖҰМЫС ЫРҒАҒЫ ҚАЛЫПТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында жылу маусымының өту барысы талқыланды. Жиынға облыстық мәслихат төрағасы, қала әкімі мен жауапты сала басшылары қатысты.

Облыс әкімі жауапты маусымды талапқа сай, үздіксіз өткізу үшін тиісті сала жетекшілеріне нақты тапсырма берді. Атап айтқанда, әлеуметтік нысандардағы жылу режимін тұрақты бақылауда ұстау, тұрғын үйлер мен жеке сектордағы шағымдарға жедел әрекет ету мақсатында кезекші топтардың жұмысын күшейту керек. Сонымен қатар, жылу желілерінде туындаған ақауларды дер кезінде жою және тұрғындарға қолайсыздық туғызбау қажеттігі міндеттелді.

Өңірде жылу маусымында тиісті кәсіпорындар мен әлеуметтік сала нысандарының дайындығы бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп, жоспарланған жұмыс толық орындалды. Қазіргі таңда кәсіпорындар штаттық режимде еңбек етуде.

Қызылорда облысында жылу 8 қазаннан беріле бастады. 1079 әлеуметтік нысан мен орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 909 көпқабатты тұрғын үй толықтай жылуден қамтамасыз етілген.

Жылу маусымының өту барысы облыстық штабтың тұрақты бақылауында.

ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢ ТҮЙІНДЕЛДІ

Президенттік жастар кадр резерві деген не?

Бұл – егемен еліміздің өркендеуіне елеулі үлес қосам деген жастарға мүмкіндік беретін бірегей жоба. Барынша даярланған және тәжірибелі жастар үшін мемлекеттік басқару жүйесінде басшылық қызметке орналасуға бірегей мүмкіндік ашу мақсаты көзделген. Мәселен, жоғары мемлекеттік әкімшілік және саяси лауазымдарға бос орындар пайда болған жағдайда Президенттік жастар кадрлық резервінде тұрған тұлғалардың кандидатуралары ұсынылады.

Қазанның 24-інде іріктеудің соңғы кезеңі – Ұлттық комиссияның отырысы өтіп, үздік деп танылған 50 үміткер резервке алынды. Қуантарлық жағдай, Қызылорда облысынан ақтық кезеңге екі бірдей жас маман іріктелді.

Олар – Қазалы ауданы әкімі аппаратынан қатысқан бас инспектор Жұмажан Асқарұлы Сақыбай (қазір ҚР Ұлттық экономика министрлігі бюджет саясаты департаменті мемлекеттік міндет-темелерін басқару саясаты басқармасының бас сарапшысы), Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Ербол Бөлебаев.

Мемлекет басшысы: «Елімізде жоғары білікті және білімді жастардың саны артып келеді. Олардың көпшілігі уақыт өте келе еліміздің жаңа озық көшбасшыларының қатарын толықтырады. Менің бастамам бойынша құрылған Президенттік жастар кадр резерві – осының айқын дәлелі. Жобаның келесі кезеңінде қоғам сұранысына бағытталған басшыларды іріктеуге ерекше мән береміз. Биілікте отырған әрбір адам ең алдымен ұлттық мүддені басшылыққа алуы керек» деген болатын.

Талантты әрі білімді жастардың қатарынан көрінген әріптестерімізді Президенттік жастар кадр резервіне қабылдануымен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы атқарар маңызды лауазымдарына және ел игілігі жолындағы қызметтеріне сәттілік тілейміз!

Е. МЕНДАЛИЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Қызылорда облысы бойынша
департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

1-бет

ГАЗДАНДЫРУ: ӨҢІРДЕГІ МЕЖЕ – 82 ПАЙЫЗ

Аталған мәселе былтыр Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда да қозғалып, Президент Үкіметке газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым газ желісін жаңғырту туралы тапсырма бергені де көпшілікке мәлім. Ал биыл Бурабайдағы құрылтайда Қасым-Жомарт Кемелұлы ел бойынша ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатқанын тілге тиек етті. Олардың қатарында газдандыруға қатысты 2025-2026 жылдары «Қашаған» кенішінде газ өңдеу зауыты, сонымен бірге, «Талдықорған-Үшарал» магистральдік газ құбыры мен «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісін іске қосу жобалары жүзеге аспак.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, былтыр елде ішкі газ өндірісі 59 млрд текше метрді құраған. 28,7 млрд текше метр тауарлы газ өндіріліп, оның ішінде 5,6 млрд текше метрі экспортталды.

Ал республикада газдандыру қарқыны қалай? Бұл сұраққа келсек, өңірлердің газбен қамтылуы әртүрлі екенін көреміз. Тіпті мүлде газ тұтынбайтын облыс орталықтары бар.

Министрлік былтырғы қорытындымен елдегі газдандыру деңгейі 61,5 пайыз болғанын айтады. Бұл – 12 млн-нан астам адам газ тұтынып отыр деген сөз. Оның ішінде газдандыру деңгейі 90 пайыздан асатын аймақтар да бар. Бұған Ақтау, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл облысы мен Шымкент, Алматы қаласы кіреді. Ал газдандыру деңгейі 40-80 пайыз болатын өңірлерге Алматы, Қызылорда, Түркістан, Жетісу және Қостанай облысы жатады. Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облысы мен Астана қаласының газдандыру деңгейі 20 пайыздан төмен.

Тағы бір ресми дерек, Ұлттық құрылтай отырысындағы Мемлекет басшысының тапсырмасымен былтыр салада 200 жоба іске асқан. Соның арасында 300 мыңнан астам адам «көгілдір отынға» қол жеткізген. Елде 1700 шақырымнан астам құбыр тартылып, газдандыру деңгейі 61,5 пайызға дейін өсті.

1-бет

Ал биыл мемлекет тарапынан өңірлерде 45 жоба іске асуда. Мұндай кең көлемді газдандыру жұмыстарына 65,9 млрд тенге қаржы қарастырылған. Барлық жоба іске асса, республикадағы газдандыру деңгейі 62 пайыз болып, тұтынушы саны 12,36 млн адамға дейін артады деп жоспарлануда.

Мұны Премьер-министр Олжас Бектенов те «Ілгерілеуге бастаған алты жыл: Қазақстан орнықты даму жолында» атты мақаласында (аталған мақала көптеген БАҚ беттерінде жарық көрді) ашып айтты. Үкімет басшысы елдегі атқарылған ауқымды жұмыстарды айта келіп, әр сала бойынша жекелей тоқталған. «Елімізді газдандыру жұмыстары жалғасуда. 2025 жылдың басында 12 миллионнан астам адам табиғи газға қол жеткізді. 2024 жылы 1,7 мың шақырымнан астам газ желілері салынды. Биыл елді мекендерді газдандыру бойынша тағы 45 жоба іске асырылуда, бұл газбен қамтылғандарды 12,4 миллион адамға дейін, ал газдандыру деңгейін 62%-ға жеткізуге мүмкіндік береді» деп келтірді мақаласында.

СОЛТҮСТІККЕ ГАЗ РЕСЕЙДЕН ТАРТЫЛАДЫ

Жалпы министрлік бұған дейін республиканың солтүстік-шығыс өңірлерін газдандыруға қатысты екі нұсқа қарастырған еді. Біріншісі – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын газдандыруда «Сарыарқа» магистральдік газ құбырының (МГК) II-III кезеңдерін жүзеге асыру. Жоба құны – 188,5 млрд тенге. Алайда бұл жоба іске асу үшін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГК II желісін салу қажет. Екіншісі – көрші Ресей арқылы газдандыру жобасы.

Үкімет те осы екінші нұсқаны қолайлы көретіндей. Өйткені, жақында өткен Санкт-Петербургтегі Халықаралық газ форумында «Газпром» басшысы Алексей Миллер мен елдің бірінші вице-премьері Роман Скляр екі маңызды құжатқа қол қойды. Соның бірі – Ресейден Қазақстанға жаңа магистральдік газ құбырын салу жөніндегі меморандум. Бұл жобаның басты мақсаты – Қазақстанның

солтүстік және солтүстік-шығыс өңірлерін газбен қамтамасыз ету.

Бұл газ құбырының жобасы 2025 жылғы ақпанда Ресейдің федералдық көлік инфрақұрылымын дамытудың аумақтық схемасына енгізілген. Ресми құжатта көрсетілгендей, құбырдың жылдық өткізу қуаты – 10 млрд текше метр, ал компрессорлық станцияның қуаты – 50 мегаватт. Газ Батыс Сібір кен орындарынан жеткізіледі. Ал құбыр тарту құрылысы Түмен облысы арқылы өтіп, Қазақстан шекарасында – Солтүстік Қазақстан облысы маңында жалғасады.

АЙМАҚТАҒЫ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС

Мақаламызда осы жылы мемлекет тарапынан өңірлерде іске асатын 45 жобаға (Ақмола – 1, Жетісу – 21, Атырау – 1, Жамбыл – 4, Қарағанды – 2, Ұлытау – 3, Қызылорда – 6, Қостанай – 1, Маңғыстау – 1, Түркістан – 2, Шымкент – 1, Алматы – 1, Астана қаласы – 1) 65,9 млрд тенге қаржы қарастырылғанын айтқанбыз. Соның ішінде біздің Қызылорда аймағындағы газ желісін тарту құрылысы қарқынын жоғалтпағандай.

– Мемлекет және Үкімет қолдауымен өңірде энергетикалық және инженерлік-инфрақұрылым жүйелерін дамыту жұмыстары қарқынды жүргізіліп, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған кешенді шаралар қабылдануда. Облыс аумағында елді мекендерді газдандыру жұмыстары жоспарлы жүргізілуде. 2023 жылы газдандыру жобаларына жалпы 8,7 млрд тенге қаражат бөлінді. Нәтижесінде облыста 13 елді мекен табиғи газға қосылды. Халықты газдандыру деңгейі 75 пайызды құрады. Ал былтыр газдандыру жобаларына республикалық бюджеттен 3,9 млрд, облыстық бюджеттен 2,6 млрд және «Самұрық-Қазына» АҚ қорынан 24 млрд тенге қаржы қаралды. Аталған қаржыға жоспарланған 11 елді мекенді газдандыру жұмыстары толығымен аяқталып, «көгілдір отынға» қосылды. Халықты газдандыру деңгейі 78 пайызды құрады, – дейді

облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық басқармасының бөлім басшысы Ислам Бектурғанов.

Оның айтуынша, өткен жылы аймақтағы Алмалы, Ақтоған, Бестама, Абай, Төменарық, Ақсу, Шаменов, С.Сейфуллин, А.Тоқмағанбетов ауылы мен Төретам және Сексеуіл кенті газға толық қосылған.

Ал биыл жыл басынан бері халық саны 10 мыңға жуық 6 елді мекен (Шижаға, Ортақшыл, Баймұрат, Талдыарал, Н.Илиясов және Ақтан батыр ауылы) газдандырылып, газға қосылған ауыл саны 52-ге жеткен.

– Биыл осы салаға жалпы 15,6 млрд тенге қаржы бөлінді. Оның ішінде республикалық бюджеттен 4,7 млрд, облыстық бюджеттен 2,4 млрд, «Самұрық-Қазына» АҚ қорынан 8,5 млрд тенге қаралды. Жыл аяғына дейін халық саны 10 мыңнан астам тағы 3 ауыл, яғни Сабалақ, Дүр Оңғар, Шаған ауылдары «көгілдір отынға» қосылады. Сонда табиғи газға қосылған елді мекендер саны 55-ке, газдандыру деңгейі 82 пайызға жететін болады, – дейді бөлім басшысы.

Бүгінде газ отынын пайдаланған халықтың көп уақыты үнемделгендей. Ең бастысы – оның қоршаған ортаға деген ықпалы. Ал бұған дейін көп жылдан бері баспанасын жылытқан жұрттан бөлек, алып өңірде пен кәсіпорындардың қозғалуы күші болған көмірдің пайдасы жоқ емес еді. Бірақ табиғатқа деген зиян осы қазба байлықтан тарағаны да рас. Үлкен қалаларда ауаның тазалануына себепкер болды. Денсаулыққа зиянын әкелді. Қиыны сол, көмірдің көк түтінінен дүниежүзілік жылу үдересінің жылдан-жылға артуы қоршаған ортадағы балансты бұзып жатыр. Дұрысы, климат қатты өзгерді.

Қазақстан бұл мәселені қараусыз қалдырған жоқ. Қазір елдегі көмірден құтылу қарекеті ауқымды жүріп жатыр. Көптеген газдандыру жобалары көмірді тұтыну көрсеткішін азайтты. Өрине, табиғи газ желісінің құрылысы көп қаржыны қажет етер. Дегенмен де адамзат саулығын сақтау алғашқы орында тұруы тиіс.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ТАҒЗЫМ

Есімі Қазақстанға кеңінен танымал Өтеұратовтар әулеті – өресі биік, ұлағатты отбасы. Ата-бабалары Сыр бойының Арал мен Қазалы өңірлерінде өмір сүрген. Олар елді имандылыққа, ислам қағидастарына сай өмір сүруге үндеп, осы өңірлерде мешіттер салып, діни медреселер ашып, бала оқытқан. Ел ішінде үлкен игілікті істерге мұрындық болған. Бір сөзбен айтқанда, сол замандағы елге сыйлы дін ғұламалары Марал ишан, Жәрімбет әулие, Ер Сейтпембет бабалармен замандас болған. Текті әулеттің ұрпағы Өтеұрат солардың төлімін көрген.



Мәуелі бәйтерек

Жәмит Өтеұратов Арал теңізінің толқынына тербетілген жағалауда дүние есігін ашқан. Саналы ғұмырын Отанға, құқық қорғау саласына арнады. Қазақстанның бірнеше облысында, атап айтқанда Арал, Қызылорда, Гурьев (Атырау), Көкшетау, Кентау қалаларында прокурор, ҚР Бас прокуратурасында бөлім меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. Өз саласының мейталмандары Өтеген Сейтов, Ғалым Елемесовпен иық тірестіре еңбек етті. КСРО Бас прокуроры Руденконың жеке қабылдауында болғаны – одақ көлеміндегі еңбегінің еленгеніні айғағы.

Жәмит ағаның жұбайы Дәріш Санәліқызы да текті жерден шыққан. Шалқарда дүниеге келіп, елге адал қызмет етті. Сауда саласында басшылық қызмет атқарды. Дәріш апа бір қолымен еңбек етіп, бір қолымен бесік тербетіп, алтындай ұл-қыздарын тәрбиеледі. Отбасында жеті перзент дүниеге келді: екі ұл, бес қыз. Олар әкелерінің қызметіне байланысты әртүрлі облыстарда өмірге келген. Ұлдарының үлкені Мәжит, кенжесі Болат, Жұпарқұл, Баршағұл, Зібағұл сынды қыздары да – елге еселі еңбек еткен азаматтар.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін азаматтарымыз рухани құндылықтарға бет бұрды. Өтеұратовтар әулеті, атап айтқанда Дәріш апа мен Мәжит Жәмитұлы Қызылорда қаласындағы «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің салынуына үлкен үлес қосты. Дәріш апаның облыс орталығына үлкен мешіт салу туралы ұсынғысын халық қолдап, сол кездегі Президенттің келісімімен бастама жүзеге асты.

Мен сол кезде Түркиядағы дипломатиялық қызметімді аяқтап, Қызылорда облысының әкімі Мұхтар Құл-Мұхамедтің шақыруымен кенесшілік қызметке келдім. 2007 жылы мешіттің алғашқы кірпіші қаланды. Құрылыс жұмыстарының ұйымдастырушысы Болат Жәмитұлы еді.

Келесі жылы мешіттің еңселі ғимараты пайдалануға берілді. Ашылу салтанатында лентаны Дәріш Санәліқызы, облыс әкімі Болатбек Баянұлы, Ыдырыс Қалиев, Шайхислам Серікбаев, Сейілбек Шаухаманов сынды елге белгілі ақсақалдар кесті. Мен де сол ұлы іске қатысқанымды мақтан тұтамын.

Бір айдан кейін Нұрсұлтан Назарбаев Қызылордаға арнайы келіп, мешітке зиярат жасады. Қазақстанның сол кездегі бас мүфтіі Әбсәттар қажы Дербісәлі екеуі Дәріш апаға арнайы келіп, қолын алып, мешіт үшін алғыс білдірді. Қасиетті Құран кітабын сыйға тартты. Ақсақалдар атынан Ыдырыс Қалиев пен Шайхислам Серікбаев батасын берді.

Бүгінде «Ақмешіт-Сырдария» мешіті – халқымызды ислам қағидастарына сай имандылыққа, ауызбіршілікке, бейбіт өмірге шақырып отырған рухани орда. Әр ісімізді Алла қолдағай!

Ұлы Жеңістің қуанышынан соң, мәуелі бәйтерекке айнал-

ған Өтеұратовтар әулетінде Жәмит ағаның шаңырағында 1946 жылы нәресте дүниеге келді. Жәмиттің анасы Мәриям әже бастаған үлкендер немересіне Мәжит деп ат қойды. Мәжит Жәмитұлы Қызылорда қаласында мектеп бітіріп, Алматыдағы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдады. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша еңбек жолын қарапайым мұғалімдіктен бастап, облыстық білім басқармасының басшылығына дейін көтерілді.

Сыр өңірінде Уәли Төреәлиев пен Әли Мүсілімовтің саликалы жолын жалғастырып, өңір мектептерінің сапасын арттыруға, техникалық базасын нығайтуға зор үлес қосты. Аралдан Жанақорғанға дейінгі мектептерде өз қолтаңбасын қалдырды.

2007 жылы облыс әкімі Мұхтар Құл-Мұхамедтің бұйрығымен И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінің директоры болды. Сол кезде мен Мәжит Жәмитұлымен бірге көптеген маңызды шараға атсалыстым. Бүгінде бұл колледжінің материалдық-техникалық базасы нығайтып, ауласы гүлденіп, университет деңгейіндегі оқу ордасына айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіби мектептерді дамыту туралы тапсырма бергені белгілі. Бұл бағыттағы жұмыстар осы колледжде жүйелі іске асып жатыр.

Әулеттің кенже ұлы Болат Жәмитұлы да – елге танымал ірі кәсіпкер, меценат. Болат Өтеұратов басқаратын халықаралық қор еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосып келеді. Қызылордада «Ақмешіт-Сырдария» мешітін, Қорқыт ата әуесжайын, гольф орталықтарын, мектептер мен тұрғын үйлерді салды. «Елге қызмет ету – бұл менің әкем Жәмиттің, анам Дәріштің, ағам Мәжиттің аманаты. Мен осы жолдан таймаймын», – дейді Болат Жәмитұлы.

Мәжит Жәмитұлының жан жары Орынбор қаласының қызы Заида Сағидоллақызы – қазақы тәрбиені бойына сіңірген парасатты жан. Ұлы Сәкен атасы Жәмиттің жолын жалғаған білікті зангер, құқық қорғау саласында қызмет атқарады. Қызы Жанель банк саласында еңбек етеді.

Дәріш апаның 80 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті. Тағдырдың жазуымен Дәріш апа 2012 жылы мәңгілік сапарға аттанды. Сол шаралардың басы-қасында жүріп қызмет еткенімді мәртебе көремін. Мәжит Жәмитұлы дүние салғанда да арулап шығарып салу рәсімі осы мешітке өтті. Егер тәрі болғанда, Мәжит ағамыз бүгінде 80 жасқа толар еді. Амал нешік... Алланың жазғаны. Ұрпағы бақытты һәм баянды ғұмыр кешсін.

Ержан УӘЙІС, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Түркия, Стамбул

Биыл ақын, жазушы-журналист, күйші Жұмабай Жақыптың туғанына 80 жыл. 1945 жылы 1 шілдеде Арал ауданының Райым ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1962 жылы Қамыстыбас №21 орта мектебін, 1964 жылы Қазалыдағы теміржолшылар училищесін, 1976 жылы Қазақст Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Қазалы аудандық «Ленин туы» газетінде корректорлықтан бастап әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. Мұнан кейін Сырдария аудандық «Сырдария» газетінде радио бөлімінің меңгерушісі, облыстық телерадиокомпанияда аға редактор, Арал аудандық радио хабарын тарату редакциясында жауапты редактор, аудандық «Толқын» газетінде жауапты хатшы, аудан әкімінің баспасөз хатшысы болған. 1999-2009 жылдары облыстық «Сыр бойы» газетінің Арал-Қазалы аудандарындағы меншікті тілшісі, Арал аудандық «Толқын» газетінде редактор-директор қызметтерін атқарды. Ол ақын, журналист, жазушы ретінде облысымызға кеңінен танымал қаламгер. Ертегілері «Жүректегі жауһарлар» атты жинағына енді. «Жетес би», «Сазгер-күйші Шал-Мырза», сонымен бірге «Шешілген түйін», «Аралдық Бауыржанның әзіл әлемі» атты прозалық, «Жастық шақтан бір белгі» атты өлең кітаптары жарық көрген.Қазақстан Журналистер одағының лауреаты, Қазақстанның Құрметті журналисі, Арал ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жұмабай Жақыптың балалық шағынан сыр шертетін төбіреніске толы әңгімесі оқырманға ұсынылады.

Керім дала көкке малынған көктемнің соңғы айы. Мерекеге толы мамырдың көңілді күндері өтіп жатқан. Әбден мезі еткен оқу жылы да аяқталып келеді. Мектепке келгеніміз болмаса, сабаққа зауқымыз жоқ. Содан ба, тәртіпті босансытқысы келмеген ағайларымыздың айқайы басым.

Әлеттегідей үшінші сабақтан үзіліске шыққанбыз. Бір кезде аспан әлемін қуатты мотор үнімен қажарып ақ самолет ұшып келеді. Тура мектебіміздің үстінен өтті. Дауысының ащысын-ай! Құлағымызды тундырды. Инепкітей құп-құттай болып күдіретін-ай десенші!

Ауылдағы ағаш кабиналы сырқылдақ машинадан басқаны көрмеген біздер үшін самолетті көру ғажап жаңалық, таптырмас тамаша! Содан ғой бәріміз жарыса:

– Ақ самолет, самолет, біздің ауылға қона кет! – деп тамағымыз жартығаныша жарыса айқайлап жатырмыз.

Біздің дауысымызды есіткендей әлгі самолет кері бұрылып ауыл үстін бір айналып, теміржолдың арғы бетіндегі үлкен тақырға қонғандай болды. Қашық емес, асқанда 2-3 шақырым. Не істейміз? Бір-бірімізге қараймыз. Самолетті бір көру арман. Шыдамадық, «кеттік» дедік. Сабақ жөніне қалды. Сыныптағы алты бала жарыса жүгіріп құстай ұшып келеміз. Міне, жеттік-ау. Біріміз қанаттынан, біріміз құйрығынан сипалап, асты-үсті тіміскілеп, қызықтап жүрміз. Біздің бұрын-соңды самолет көргенімізді байқаған ұшықштар да күлімдей қарап тұр. Осылай самолеттің қызығана тоймай жүргенімізде ауылдық аурухананың желел жердем машинасы ышқына келіп, әзілдемді зембілмен самолетке кіргізіп жатты. «Ол кім? Ол не қылған адам?», онда біздің шаруамыз жоқ. Бар есіл-дертіміз самолетте.

Сәлден соң самолеттің есігі тарс жабылып, моторы от алды. Қызықтың көкесі енді болды. Дәрігерлер машинасына мінген. Біз самолеттің артында көз іспейдей айналған мотор қалақасының дауылына қарсы қарап, қас батырдай қажынып тұрмыз. Қасымдағы Оңғарбай көйлегінің етегін көтеріп қалып еді, мә, жел үрлеген денесі құп болып ісіп кетті. Содан бәріміз де көйлегімізді көтеріп, күмпиіп-күмпиіп шыға келдік. Осы сәтте ортамыздағы мектепте бел төлеу көтерумен айналысып, күші басынан асып жүрген Жәніс жүгіріп барып самолеттің артқы қалақасынан құшақтай тас қып ұстап алды. Шамасы самолетпен күш сыныспас. Мен де қарап тұра алмай, құйрықтың екінші қанатына жармастым.

Өкшемімізді тақырға өңмендей тіреп, тістепіп тұрмыз. Мотордың дауысы да, дауылы да үйге түсті. Бір кезде самолеттің қанат құйрығы қозғалып, жын қаққандай бүкіл денесі соқылдап, қалың-қалың етіп қозғала бастады. Біз болсақ дүлей дауылға дес бермей әлі тістепіп тұрмыз. Міне, бара-бара күш алған алып инеліктің доңғалағы орнынан жылжып, табан тіреуге де мұрша бермей алға ытқылды. Біразға дейін жармаса жүгіріп, етпетпей құлауға шақ қалып, шан қауып біз қалдық. Күштің екен, лезде аспанға көтерілген самолет қайта айналып, бізді мазасыз қылғандай үстімізден өтті. Аралға бағыт алды. Көзіміз құмға толған біздер өлген көрінісін кеткенше қарап тұрдық. Бір-бірімізге қарап: «Мә, күшті екен!» дейміз.

Самолеттің қызығы осылай таусылған соң, ойға сабақ оралды. «Ағайларымыз ұрысып жатқан шығар. Давай, тездетейік!» деп мектепке қарай тағы да жарыса жүгірдік. Бірақ екпін манағыдай емес, бәсең, басылған. Қалып қойғанымыз Бөкен ағайдың тарих сабағы еді. Ой, денесі қандай кең болса, мінезі де сондай жан еді. Оның сабағында бір-бірімізді тұрғылдан еркін отыратынымыз. Бірақ ол ашуланда бар ғой, соғыста қан көрген адам ғой, екі көзі шатынап, құлағынан құшырлана бұрай ұстап, коридорға сүйреп шығарып бір мезгіл алғанда бар ғой, көкеңді көзге көрсететін. Осылай алда не күтіп тұрғанын ойлай асыға-алқына жүгіріп келеміз. Міне, алау-далау болып екпінимізді баса алмай, алак-жулак қарап сынықпа да кірдік. Құдай ондағанда Бөкен ағай жоқ екен. Ессесіне сыннып жетекшіміз Үргенішбай ағай түгіте қарсы алды. Кірірімізді кіресек те партаға отыруға бет жоқ, есіктің алдында үрейсіңіп тұрмыз.

– Сабақ қалай, қайда болдыңдар?

Бізде үн жоқ. Бірімізге біріміз қарап көзімізбен жүр шұқпып тұрмыз.

– Оу, айтсаңдаршы, тілдеріңді жұттып қойдыңдар ма? Қайда болдыңдар? – деп ағай ашуға мінді.

Сәлден соң арамыздан өтірікке жоқ Әйтеке:

– Самолетті көруге барып едік, ағай, үзілісте үлгере алмай қалдық, – деп шындықты айтты.

– Самолет дейді... Самолет сабақ па сендерге? Бәрің бірдей оқу болып... Біреуін бастадыңдар ғой, қәне қайсысың? Қарабеков сен бе, Айғараев сен бе әлде Күртебаев сен бе?

Оңы сары ағай оттан шыққан темірдей қып-қызыл болып қанасына сыймай бізге жеке-жеке тиісті.

– Самолет сендерге ойыншық па, ол ауруханада олпм аузында жатқан науқасты Аралға, үлкен ауруханаға желел жігізуге келген. Аурумен алысып жатқан жанға өмір керек, ал сендерге қызық керек...

Біз самолеттің неге келгенін сонда барып білдік.

– Ағай, біз байқамай қалдық, кешіріңізші, екінші қайталаңбайды, – деген Оңғарбай бәріміздің атымыздан ақтала жауап беріп, үстімізден ауыр жүкті түсіргендей болды. Сәлден соң ағай да сабырға келді.

– Оқу жылын аяқтауға санаулы-ақ күндерін қалды. Сабаққа бұлайша салғырт қарауға болмайды ғой. Екінші қайталаңбасын. Бар, орындарыңа отырыңдар.

Ағайдың қатты кетпегеніне қыздар да қуанып қалды. Біздерге аянышты қарап, жымын-жымын етеді.

Үйге шаршап келдім. Жеңешем ауруханада. Сондықтан үйдің бар тірлігі әжеміңіз, содан соң сабақтан кейін менің мойным-



да. Оқудан келетін уақытым белгілі. Әкем шай дастарханым жасап қойыпты. Жүзі бұрынғыдай емес, сынық. Бүгін көп жұмыс істеген-ау деймін. Кітаптарымыз тастап, қолымды шала-тұла шайлап, дастарқан басына, әжеміңіз қасына отырдым. Қаймақ қатқан бір кесе шайымды алдыма қоя беріп:

– Сен білмейсің ғой, жеңешенді Аралға алып кетті, – депі.

– Қалай? Неге? – деп әжеме антарылым.

– Операция жасамаса болмайтын болыпты. Содан жаңа асығыс самолетпен алып кеттіңі.

Бағанағы, бағанағы ма, Үргенішбай ағай тас төбемнен тоқтапқан қойып қалғандай болды. Аузымдағы шайнан отырған нанымды да жұта алмай ес-түссіз антарылым қалдым. Мә, саған самолет. Мә, саған қызық! Не деген аңқауым. Не деген ақымпақпын...

Бағана желел жәрдем машинасынан түсіріп, самолетке зембілмен көтеріп мінгізіп жатқандары менің жеңешем екен ғой. Есіл-дертім самолет болып жүргенде жеңешем мені сыртымаңнан көрген де шығар. Сонда ол: «Мен мынандай күлде кетіп бара жатқанымда бір қарамағаның несі?» деп ренжіген де шығар. Жеңешем болмағанның өзінде ол ауылдың бір адамы ғой. Бір сөт көңіл аударып, кім екенін біліп «сауығып кеттіңіз» деп жанына демеу болар тілек айтып, аяушылық танытпағаныма қалай? Сонда мен қандай жаным, а? Не деген ессізбің? Жеңешемнен самолеттің артық болғаны ма?

Осылай өзімді-өзім мыжып, мытып отырғанымда әжемің:

– Балам, шайыңды іші, суып кетті ғой, Құдай қаласа жеңешен де сауығып келер. Ауданға алып кетті, бір амалы бардан. Алла жар болсын, – деген жылы сөзі жанымды жібітіп, өзіме-өзім келгендей болдым. Осылай дертіңе дауа болар жылы сөз айтып, тілек білдіріп, үйден бір адамының жеңешемді шығарып сала алмағанына тағы да өкініп, отырып қалдым. Бірақ әжеме самолет жайлы сыр білдіргенім жоқ, дым білмегендей үнсіз отырып, бір-екі кесе шай ішкендей болдым.

Біз теміржолдың бойындағы Арал-Қазалы аралығындағы Қамыстыбас деген үлкен стансада тұрамыз. Халық көбіне «Қамбаш» деп атайды. Сол теміржол стансасының қасында ауызу алатын колонка бар. Ауылдың бүкіл халқы осында су ішеді. Кейде адамдар кезекте тұрып қалады. Мұндайда әйелдердің басы құралып, қыздыра әңгімелесіп құдайлары беретіні бар.

Жеңешем ауырғалы оның үйінен бар жұмысын әжеме екеуіміз бөліп атқаратын болдық. Әжеміңнің міндеті – тамақ дайындау, кір жуу. Менің жұмысым – әлгі колонкадан су тасу, сонымен самаурын қайнату. Жеңешем екі шелегін іліп алып инағашпен таситын. Мен қалай ыңыма инағаш салайын. Қыздар көріп қояды, ұят қой. Содан алам аяғы басылғанда түнелік тасимын. Онда да шелекпен емес. Үйде су құятын екі фляг бар, соның біреуін ыңыма асып аламын, инағаштан түзір ғой. Ербір тасығанда төрт шелек су жекелем. Әдепкеде ауыр болар деп орталып, үш шелек құйып елім. Оның қозғалған кезде шайқатылып, флягым бірде ала, бірде артқа лықсып, төнеліп еркін жүре алмаймын. Келесіде толтырып алдым. Енді лықсымайды, жасық. Бір ыңғым талса, арқамнан домалатып екінші ыңыма салып алдым. Үйде екі фляг бар. Екі рет тасысам бітті.

Жеңешем келіде: «Суды Қосай атынан құдығынан ақылда» деп отыратын.

Онысы колонка мен үйдің орта жолында Қосай деген ақсақалдың үйі болды. Ауласында қолдан қазып алған құдығы бар. Терен. Суы мөлдір, әрі мұп-мұздай. Оның Жеткерген деген баласы бар, бізден екі сынып жоғары оқиды. Ауылдастар оны «Жетген» дейді. Сондай жылы өзі. Қайда төбелес болса, сонда жүреді. Ауылдағы атаман сол. Ол үйде тағы бір қыз бар. Ол бізбен сыныпта. Қапелімде су таусылып қалса, осы үйдің құдығынан тасимын. Бірақ флягпен емес. Екі шелекті қолыма аламын да, бір әкеліп қоямын, оным түгте дейін жетеді.

Содан кейінгі кезек ақ самаурыңға келеді, онда да ертенгісің және кешкілік. Түскі шай әжеміңнің мойнында, өйткені мен сабақтамын ғой.

Ертенгісін ерте тұрамын. Самаурыңға су құйып, тамыздық ағашты майдалап сындырып қоямын. Үстіне салатын сексеуілді бір бөлек. Сосын сағатқа қараймын. Әуелі самаурыңның оттығына әбден жазылып біткен дәлтірімнің бір екі беті ширатылып тұтанып түседі. Ол жана бергенде бір уыс тамыздық ағаш, ол күш алғанда майда сексеуіл салынады. Бітті. Кернейін кігіземін. Шамамынан соң аузынан қызыл жалын атып, самаурын ызылдап, ән сала бастайды. Бұл қайнауудың алдындағы сазды әуен. Осы бір әлемі әуенге беріде отырып тағы да неше түрлі ойға түсемін. Тағы да көз алдыма жеңешем көлбеген тұрып алды.

Жеңеше деймін-ау, ыңымды айтайын ба, ыңымды айтсам, ол менің туған анам. Ақ төсің сәби қолыммен аймаламаған, қос емшегін емірлене ембеген, ыстық құшағына еңбеген, аналық мейірімін сезбеген анам. Онда да мен бүгін оның алдында қиылы да, күнәлі болғандықтан, жазамды өтеу үшін бірінші рет оны «менің анам» деп аузыма алып отырмын. Әже, мен бейбақты кешіре гөр.

Анам менің алдымда екі ұл туған, яғни менің екі ағам болған. Олар бір-екі жасқа жетпей бірінші артынан бір шетінеп кете берген. Әкем соғыстан жараланып ерте келген соң, үшінші болып мен туыппын. Сонда әжеме: «Сенің құшағың құтты болмады ғой» деп мені туу бойына етегіне орап алып, өзі бауырына басыпты. Әкем сол кезде елу-ге бет бұрған егде әйел болған. Әжемің де маған дегенше шың елжіреп, еміренгенінен болар, еме-еме кеуіп қалған қос емшегінен сүт шығарыппын. Содан ғой, әжеме мені біреуге таныстырса: «Тас емшекті жібіткен Жұманжын ғой» деп отыратын жарықтық. Менен кейін де жеңешем бір қыз туып еді, ол да бір жасқа жете шетінеп кетті. Сөйтіп бір үйде мен жалғыз өстім. Осылайша мен туғаннан әжемің баласы болдым да, анамды «жеңешем», әкемді «әке» деп атап кеттім.

Менің шешемнің есімі Наушарибан болатын. Өзі шынашактай нәзік, аққұба ажарлы жан еді. Сондықтан абысын-ажындылары оны «Ажар» деп атайтын. Өйткені Науша деген атамсыз болғандықтан, Наушарибан дейін десе аталарының аты аталатындықтан, именіп, жеңешемді әжемінен бастап біздің әулетің барлық әйелдері өле-өлгенше «Ажар» деп атап кетті. Жеңешемнің маған қонған аты да қызық. Өйткені жеңешемің баласы болғандықтан мен оның қайыңсымын ғой. Кішкентайымда мені алданыс деп жеңешем алдыма шайдың шытырлақ немесе басқа қағаздарды беріп қояды екен де, мен оларды түте-түте майдалап, жытырып жан-жағымды дола-дола ғып өзіме ойнап отырады екенмін. Соны көрген жеңешем маған

«Додан» деп ат қойыпты. Соған еріп бірқатар жеңешелерім де менің атымды атамай, «Додан» деп атап кетті. Менен тағы да айырылып қаламын ба деп құдайдан қорықты ма, әлде әжемің маған деген шексіз ықыласынан именіп, наласына ұшырармын деген ыбалғы ма, атымды атамақ түгілі, онша болса да балам деп бауырына басып, емірене бір нискеген де емес еді...

Самаурын тасырлай қайнап, қақағының астынан ыстық су бұрқырап төгіле бастады. Кеше он минутта қайнатып едім, бүгін жеңешемді ойлаймын деп кешкітіріп, он бес минутта қайнаттым.

Әже, самаурын қайнады, – деймін айқайлап.

– Әкеле ғой...

Бұй бұрқыраған шағын самаурынды әжемің алдындағы үлкен дөңгелек ақ подностың үстіне қойып, дастарқанның бір шетіне жайғастым. Әкем көңілсіз, үндемей шай құйып отыр. Мен оның арғы жағында, не айтарымыды бімеймін. Тек анда-санда әжеме «Ей, Алла» деп қояды. Бір Аллаға сыйынудан басқа не шара. Тіл қатпасек та, тілегіміз жеңешемнің тағдыры. Үндемесек те, ішіміздегі ойымыз соның үйге аман-сау оралуы. Бір-екі кесе шайымды ішіп те, мектебіме бет алдым. Сыныпта жиналып жатырмыз. Маған дегенде бәрінің де жүздері сынық. Шамасы кешегі самолетпен алып кеткен менің жеңешем екенін білген ғой, көз қарастарында маған деген бір аяушылық бар.

– Кешегі самолет сенің мамана келген екен ғой, – деді парталас отыратын Жанатай жаныма жақындай беріп.

– Иә, жеңешеме келіпті, білмей қалдық қой.

– Аралда атақты дәрігерлер көп қой. Жаксы болып кетер.

Мен басымды изедім. Артық ауыз сөз айтуға құлқым жоқ. Сабақ басталды.

Ауылдың ауруханасында бір апта жатқан жеңешемнің Аралға кеткеніне де үш күндей болды. Хабарласатын телефон жоқ. Тек пошта бар, бірақ қайда, кімге телефон шаламыз, ол жағы бізге шешуі қиын жұмбақ. Көкем жұмыс бабымен ел аралап кеткен. Үйден бір шықса, екі-үш күн, кейде апта-лап жүріп алатыны бар. Оның жұмысы да сондай. Аудандық мал өнімдерін дайындау қонтырында жұмыс істейтіндіктен, ауылдық кеңестің тапсырысына сәйкес халықтан май жинайтын. Содан ғой келіндерінің көбі оны «Майшы қайнаға» деп атайтын. Көкеміңіз келетін күні де жақындаған. Оқу жылының соңғы күндері өтіп жатқан. Мектептен аулаға кіргенім сол, үйден ауылдың ақсақалдары Шора, Алмағамбет, көрші Төлеу де бар, даурығыса шығып келе жатыр екен. «Ассалауәлейкум» деп шетінен қолдарынан алып сәлем беріп шықтым.



ТАЛАНТЫ ТҰНЫҚ ТЫНЫМБАЙ

Жаңақорғандағы М.Көкенов атындағы Мәдениет сарайында жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Отан» және «Күрмет» ордендерінің иегері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың және Ғабит Мүсірепов атындағы сыйлықтың лауреаты, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы Тынымбай Нұрмағамбетовтің 80 жасқа толуына орай «Таланты тұнық Тынымбай» атты ғылыми-танымдық конференция өтті. Аудан әкімі Мажит Самитов жұртшылықты Республика күнімен құттықтап, сөз өнеріндегі дара болмысымен танылған дарын иесінің ерекшелігін айғақтайтын еңбектеріне тоқталды. Қаламгерді 80 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, иығына шапан жапты. Ауданның Құрмет грамотасын табыс етті.

Танымдық конференцияда әдебиет сыншысы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңшілікұлы баяндама жасады. Тынымбай шығармаларын жете оқып-зерделеумен айналысып келе жатқан әдебиетшінің суреткер табиғатына терең үңілгеннен туған толғауыстары көптің көңіліне қонды. «Жыланның уы» романында адамгершілік, ізгілік, мейірім сияқты ізгі қасиеттердің аяқ астына тапталғаны, ар-ұяттың енесі төмендегені суреттелген.

– Әдебиет – адам тануды ғана емес, адам боп қалуды үйрететін өнер. Міне, сондықтан да шын талант жазушы өмірді зұлымдықтан тазарту үшін, ар азабының ақиқатын айту үшін келеді. Жүрегін оттай жанып, өмірдегі әділетсіздікпен күресе алмаған жазушы ешуақытта адам жанының суреткері бола алмайды. Сөз өнерінің дертіне шалдыққан Тынымбай әдебиетке берген сертіне адал болып қалғанының арқасында суреткер бола білді. Оның туындылары арқылы ұлттық әдебиетімізге ойы анық, сезімі тұнық, тылсымы терең жаңа әлем келді. Ол әлемнің аты – Тынымбай, – деді ол.

Жазушы тек прозада ғана емес, драматургия мен кинода да өзіндік қолтаңбасын қалдырған. Оны «Жоғалған көл», «Кемпірлер» атты пьесалары сахналарда табысты қойылып, көрермен ықыласына бөленді. Бұл шығармаларында жазушы адам жанына терең үңіле отырып, қоғамның ащы шындығын суреттейді. Сонымен қатар ол «Тырналар ұшып барады» телефильмінің сценарийін жазған. Оның шығармалары орыс, неміс тілдеріне аударылып қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейде танылуына жол ашты.

Бұл жөнінде Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Қаршыға Есімсейітова терең талдау жасады. «Тынымбай шығармаларының дені ауыл өміріне арналған. «Түкпірдегі ауыл», «Дарияның арғы беті», «Көгілдір аспан», «Қарлығаштың ұясы» атты повесть-әңгімелерінде

аңқау да ақжүрек ауыл адамдарының бейнесі шынайы суреттеледі» деді ол.

Сонымен қатар конференцияда «Жаңақорған тынысы» газетінің бас редакторы Баян Үсейінова, қоғам қайраткері Нәжмадин Мұсабаев, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы Керімхан Егізбаев сөз сөйледі.

Кеш қорытындысында мерейтой иесі өзіне құрмет көрсеткен жерлестеріне жүрекжарды алғысын жеткізді. – Менің жазушы болып қалыптасуыма негіз қалаған – ең бірінші туған жердің адамдары. Сол туған жердің табиғаты бізді тәрбиеледі. Адамға өскен ортаның әсері үлкен. Адамдардың мінезін, ықыласын, табиғатын шығармаларымызға арқау еттік. Қауықта өткен бала күндерімді еске ала отырып «Шал, мая және жел» деген туындымды жаздым. Бәрі де болған оқиға, Құрышжан деген атамның басынан өткен жағдай баяндалады. Сосын «Бойтұмар» деген повесімде де осылай, бір отбасындағы төрт ағайынның түрліше болмысы, түрліше тағдыры. Бірге тумак бар болса да, бірге жүрмек жоқ ағайын ахуалы өзек болады.

Шығармаларымның туған жеріммен, тіпті қоғаммен байланысты болуы – ол заңды құбылыс. Жазушы үшін туған жердің орны бөлек. Өйткені оны жазушы еткен осы ортасы, – деді ол.

Сол күні түс ауа «Руханият орталығында» А.Сопыбеков атындағы аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен «Тынымбай тұңғығынан сыр шертейік» атты жүздесу кеші өтті. Кешке зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, қаламгерлер, оқырмандар қатысты.

Оқырмандар жазушының шығармалары туралы сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды. Жазушы туған жеріне келіп, шешіліп әңгіме айтып, сыр шертті.

Кеш соңында жұртшылық қолтаңба алып, естелік суретке түсті.

«СБ» ақпарат

БЕРН ДЕ БІЗГЕ ЖАТ ЕМЕС

Республика күнін кең көлемде атап өту және қазақ өнері мен мәдениетін әлем жұртшылығына таныстыру мақсатында Сыр елі өнер майталмандарының мерекелік концерті Швейцарияның Берн қаласында өтті.

Мерекелік шараны Қазақстанның Швейцариядағы және Лихтенштейндегі елшісі Қайрат Саржанов ашып, өнерпаздардың ұлттық мәдениетті дәріптеудегі еңбегіне ризашылық білдірді.

Концертке Швейцария Сыртқы істер министрлігі Еуразия директорының басшысы, елші П.И.Фукс арнайы қатысып, қазақ диаспорасын және шығармашылық ұжымды Республика күнімен құттықтады. Сондай-ақ Берн кантонының басшысы, Швейцарияның мемлекеттік органдары мен дипломатиялық корпус өкілдері, іскерлік топтар және қазақ қауымдастығының мүшелері қонақ болды.

Берн төріндегі бірегей концерт екі ел арасындағы мәдени және рухани байланысты тереңдетіп, қазақ өнерінің халықаралық деңгейде танылуына кең жол ашты. Қазақтың әуезді әні мен күмбірлеген күйін паш еткен өнерпаздар көрермен ықыласына бөленіп, зор қошеметке ие болды.

Кеш соңында қонақтар қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татты.

«СБ» ақпарат



ӘБСАДЫҚОВТАР ӘУЛЕТІ ҮЗДІК АТАНДЫ

Республика күні қарсаңында Астана қаласында дәстүрлі «Мерейлі отбасы-2025» ұлттық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Елдің түкпір-түкпіріндегі өнегелі әулеттерді біріктіретін, татулық пен бірлікті дәріптейтін шараға облыстық кезеңнің үздіктері қатысты.

Салтанатты жиында Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев отбасы институтын нығайту бағытында мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан бас-тамаларға тоқталды.

Биылғы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауында Қызылорда облысының намысын қорғаған Әбсадықовтар отбасы жеңімпаз атанып, мерей үстем болды. Еңбегімен елге үлгі болып, ұрпақ тәрбиесінде өнеге көрсеткен әулет көпке сыйлы. Бірлігі мен татулығы бекем, ынты-

мағы жарасқан әулеттің отағасы Жақсылық Әбсадықов ұзақ жылдар ауыл шаруашылығы саласында абыройлы еңбек етіп, зейнетке шыққан.

Саланың дамуына елеулі үлес қосқан ардагер «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісінің иегері және Сырдария ауданының әлеуметтік-экономикасының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін ауданның 90 жылдық мерекелік медалмен марапатталған.

Тамыры тереңге жайылған Әбсадықовтар отбасында 6 баладан 29

немере мен 47 шөбере өніп-өсуде. Отбасы мүшелері түрлі салада еңбек етіп, ел дамуына үлес қосып келеді. Ұрпақтар сабақтастығын, еңбектің қадірін, рухани құндылықты үлгі тұтады. Шаңырақ шаттығын, бақытын, берекесі мен бірлігін ерекше бағалайды. Мұндай өнегелі әулет жастарға үлгі, қоғамның тірегі екені сөзсіз.

Байқау жеңімпаздарына дипломдар мен арнайы сыйлықтар, сертификат табысталды. «Мерейлі отбасы» жобасы жыл сайын ел ішіндегі татулық пен рухани бірлікті нығайтуға бағытталған маңызды бастама ретінде жалғасып келеді.

«СБ» ақпарат



92 жастағы президенттің сегізінші мерзімі

Stan.kz-тің дерегіне, Камерун президенті Поль Бийя елдің Конституциялық соты жариялаған сайлау нәтижелері бойынша жаңа жеті жылдық мерзімге қайта сайланып отыр. Әлемдегі ең қарт 92 жастағы мемлекет басшысы 53,66% дауыс жинаған. Ол Камерунды 1982 жылдан бері басқарып келеді. Бұл сайлаудағы жеңісі сегізінші президенттік мерзімі екен.

Сайлау 12 қазанда өткен, бірақ оның қорытындыларын Конституциялық сот дүйсенбіде ресми түрде бекіткен. Соттың қорытынды жасауына 15 күн уақыт берілген.

Шынайы қарсылас саналған 71 жастағы оппозиция көшбасшысы Морис Камто шілде айында сайлауға жіберілмеді. Бұл шешімді Конституциялық сот та растады, бірақ халықтың басым бөлігі мұны негізгі бәсекелесті алып тастау амалы ретінде қабылдаған көрінеді.

Түркияда тағы да жер сілкінді

Түркияның батысында магнитудасы 6,1 болатын жер сілкінісі тіркелді. Жергілікті БАҚ ғимарат қирағанын хабарлады. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Ел президенті Режеп Тайып Ердоған төтенше қызметтерінің залал көлемін бағалап, зардап шеккен аймақтардағы жағдайды бақылап отырғанын мәлімдеді.

«Балыкесир провинциясының Сындырғы ауданында болған, көрші өңірлерде де сезілген жер сілкінісінен зардап шеккен барлық азаматтың тез сауығып кетуін тілеймін. Төтенше жағдайлар басқармасы және басқа да тиісті қызметтер оқиға орнында мұқият тексеру мен бақылау жұмыстарын жүргізіп жатыр» деді мемлекет басшысы.

Сондай-ақ ол жағдайдың мұқият бақылауда екенін атап өтті.

БАҚ мәліметінше, жер сілкінісінің эпицентрінде орналасқан Балыкесир провинциясының Сындырғы қаласында бірнеше ғимарат қираған. Құрбандар туралы ақпарат түспеген.

Құс тұмауы өршіді

Германияның шығысында құс тұмауы өршіп, осыған орай жергілікті билік 200 мыңнан астам құс пен үйректі арнайы аумақта жойған. Енді тағы 130 мыңнан астамын жою жоспарда бар деп хабарлады. 24.kz.

Тамыз айынан бері Еуропа аймағы мен Ұлыбританияда құс тұмауының 56 ошағы тіркелген. Бұл соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Вирусты адамның жұқтыру қаупі төмен болғанымен сүтқоректілер арасында таралу жағдайлары жиілеп келеді. Құстардың күз маусымындағы көшуі жағдайды одан сайын ушықтырып жіберген көрінеді.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

«СБ» ақпарат

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні 14.12.2013-ж. 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.